



EGEMEN QAZAQSTAN



# Әбілқайыр хан мен Бопай ханым ұрпақ жадынан жоғалмайды

Бопай ханым — кешегі қазақ қыздарының көшбасшысы болса, бүгінгі қазақ қыздарының үлгі тұтары. Ханымның өмірі мен тегі, күйеуі Әбілқайыр ханға көмекші-кенесші ретінде ел басқару ісіне атсалысып, талай маңызды мәселелерге ойы мен парасатын, билігі мен беделін араластырған, хан қайтыс болған соң да ел басқаруда айтулы шешімдерге, мәмілелерге қол жеткізе алған ықпалды тарапқа айналған қайраткерлігі әлі толық зерттелген жоқ. Бірақ бүгінге дейін ғалымдар мен тарихшылар ауызымен айтылып, қолымен хатталған деректердің өзі оның қайсар болмысын, қайраткерлік тұлғасын еңселендіре сомдай түседі.



**Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ,**  
«Egemen Qazaqstan»

Өткен жылы Ақтау қаласында Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті ұйымдастыруымен «Әбілқайыр хан мен Бопай ханымның өмір жолы және ұлт тарихындағы орны» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткен болатын. Бұл бопайтанудағы қолға алынған жақсы бастама, жемісті шаралардың бірі болды. Әбілқайыр хан мен Бопай ханым туралы тарихшы ғалымдар баяндама жасап, олардың өмір жолын көпшілікке жаңаша танытуға талпынды.

«Сол ауылға қайтып келген Әбілқайыр өзінің төре тұқымынан екенін жасырып Бопайдың әкесінің малын бағуға жалданады. (Невольник. Предание о киргиз-кайсацком хане Абулхаире. //ТОВ. (Тургайские областные ведомости). 1899. № 52. стр. 7-8...) Ұзын бойлы, батыр тұлғалы, жігіттің сұңқары Әбілқайыр батыр жылқышы болып жүрсе де аз уақыт ішінде ауыл адамдарына жақсы жағынан көрініп құрметке ие болады. Әрине, көп ұзамай Бопай сұлуда да ұнап қалады... Сырын ашқан жас батырды Бопай сұлу да жан тәнімен ұнатып ғашық болады. Осылай ғашықтар романы басталады. Ғашықтар ажырмастай дәрежеге жеткенде Бопай сұлудың әкесінің рұқсатын сұрайды. Оның әкесі мұндай жағдайды күтпеген еді. Бұл бұрыннан малды және белді ауыл болған соң, оның үстіне қыздың басы бос болушы ма еді, айттырулы болса керек, сұлтан деген аты болғанмен жалғыз атты кедей жігітке қызын бергісі келмеген шал неше түрлі айла-шарғыны ойлап табады. Соның бірі: «Қызымның қалың малына ала аяқты 90 күрән ат және 60 ақсұр ат әкелесің, әйтпесе қызымды бермеймін...», деп шарт қояды... Осындай ауыр шартқа амалсыз келіскен жас батыр бір айдың ішінде осы айтқаныңызды әкелемін — деп аттанып кетеді. Алайда, жалғыз атты кедей жігіт бұл шартымды орындай алмас деп үміттенген еді Бопай сұлудың әкесі. Ғашықтық өртіне күйіп жанған жас батыр, тірі жүрсем Бопай сұлуды алмай тынбаймын, деп серт берген Әбілқайыр әлгі айтқан жылқыны таныстарынан, ағайындарынан, бәрінен сұрайды, алайда ешқандай нәтиже шықпайды. Шарқ ұрған жас батырдың осындай аянышты күйін естіген баяғы Жәнібек батыр жетіп келеді. Қу кедейлік қолын кесіп отырған жас төрені аяған, әрі келешегіне сенген Жәнібек батыр

Әбілқайырға керекті 150 айырды өз жылқысынан шығарып санап береді. Оған қоса ол өзі барып Бопай сұлудың әкесіне қазақ әдет-ғұрпы бойынша құда түседі... Сөйтіп әйгілі қазақ батыры Жәнібек екі ғашықтың басын қосып үлкен азаматтық жасайды... Әрине бұл оқиға халық аңыздарының өртілі нұсқаларының бірі. Алайда шындығына келсек те Әбілқайырдың Бопай сұлуда үйленуі аса көп қиыншылық жағдайда болғанын осындай аңыздардың көптігімен дәлелденеді. Қазақ еліндегі ежелден келе жатқан дәстүр бойынша, әрине Бопай сұлудың басы бос болмаған. Басқа қазақ қыздары сияқты оның да атастырған жері болды. Оның үстіне осындай байдың қызын кез келген адам емес, әрине мықты адам айттырады... Міне осынау қиыншылықты жеңу үшін Әбілқайыр мен Бопай сұлу тек бір-біріне ғашық болып қана қойған жоқ, сондай-ақ ежелгі дәстүрді бұзуға мәжбүр болды... Қалай болғанда да Әбілқайыр сынды жас батырдың Бопай сияқты әйгілі сұлуда үйленуі оның шын мәнінде өмірдегі бақыты еді. (Невольник. Предание о киргизском хане Абулхаире. ТГ. (Тургайская газета). 1900. № 1. стр. 5...)

Бопай Әбілқайыр үйіне құтты келін болып түсті. Ол келін болып түскелі Қажы сұлтан шаңырағының тасы өрге домалай бастады. Көп ұзамай Әбілқайырды халқымыздың игі жақсылары ақ киізге көтеріп хан етіп сайлады. Осы оқиғалар баяғыдан бері Әбілқайыр сынды кедей жігіттің халқымызды қызғышты қорғаудағы кеудесін оққа төсеген ерліктерінің жан-жақты бағалана бастағаны еді, дейді өз баяндамасында тарихшы С.Өтенизов.

Өмірі осылай байырғы қазақ ауылындағы өз сүйгеніне қосылуға күш салған қазақ қыздарына тән жағдайда өрбіген Бопайдың келін болған қадамы Әбілқайыр үшін ғана емес, өзі үшін де құтты болған секілді. Ол кезеңдегі қыздардың барлығы бірдей аттап кете алмайтын «айттырулы» дейтін бұғауды бұзып өткен Бопай ханмен бірге билікке араласады, тіпті хан қайтыс болған соң билікке белсенді түрде ықпал ете алатын ақыл-ойы көшелі, аузы дуалы, сөзі өтімді тұлға айналады. Бұл туралы профессор К.Жаулин «Күйеуінің қазасынан кейін де Бопай ұстанған бағытынан таймайды. Әбілқайыр саясатының өз жалғасын табуы баласы Нұралының әке орнын басуына байланысты екендігін терең ұғынған Бопай ханым батыл әрі ойлап-пішілген қадамдар жасайды. Орта жүз бен Кіші жүздің беделді

билері мен батырларының Нұралыны хан көтеруге келісін алғаннан кейін ғана, Бопай ханым патшайым Елизавета Петровнаға, келесі күні бригадалық генерал А.И.Тевкелев пен Орынбор губернаторы И.Неплюевке қысынды өтініш хаттар жолдайды. Осы хаттарды жеткізу үшін аталмыш екі жүздің 8 беделді бни Орынборға, одан кейін Санкт-Петербургке аттанады. Нұралыны «қырғыз-қайсақ ханы» етіп бекіту туралы Елизавета Петрованың 1749 жылғы 2 мамырдағы жарлығы, онда Бопай ханымның хатына да сілтеме жасалуы, канцлер А.П.Бестужев-Рюминнің Бопайға арнайы хат жазып, патшайым атынан сыйлық жолдауы ханым саясатының жеңісі еді. Бопай ханым Әбілқайыр әулетінің дәрежесі мен беделін көтеруге ұмтыла отырып, орынсыз қантөгістің болмауын, ел іргесінің сөгілмеуін қалады. Сол үшін де ол күйеуінің кегін алуға «аттандатпай», Барақ сұлтанды жазалауды орыс әкімшілігі арқылы заңдастырып алуға тырысты. Қоғам дамуының негізгі көзі тыныштық өмір екендігін, тірлігін ат үстінде өткізген халықтың болашағы бұлдырлығын ұғынған ханым орыс әкімшілігін Елек өзені бойында қала салдыртуға да үгіттейді. Қазақ-жоңғар қатынастарына тигізген әсері, Қайып хан мен Нұралы ханды бітістіруге бағытталған әрекеттері Бопайдың ел бірлігін қамтамасыз етуге тырысқан мәмілегерлік ниетін аңғартады. Бопай орыс-қазақ қатынастарындағы және сол кездегі қазақ қоғамындағы шешімін таппай жүрген кейбір мәселелерді талқылау үшін Орынбор әкімшілігінің басшылығымен кездесіп, келіссөз жүргізгісі келді. 1740 жылы Санкт-Петербургке ресми сапармен барып, Анна Иоанновнаға жолығу ниеті де болған. Бопайдың зеректігі мен тапқырлығы жөнінде ағылшын суретшісі жазады. Күйеуінің қазасынан кейін де Бопай өзінің ұстанған бағытынан таймайды. Әбілқайырдың саясатын жүзеге асыру үшін баласы Нұралыны әке орнына 1749 жылы 26 қарашада хан тағына Елизавета Петровнаның жарлығымен отырғызып,

Бопай ханым хан тағында батыл әрі нақты қадамдар жасайды. Бопай күйеуін өлтірген Барақ ханнан өшін алу үшін ең мықты Цин империясымен құда болуды көздеп ұлына оның қолында жүрген Намұрын дейтін қызға құда түседі. Бірақ бұл құда түсу ақыры ұзаққа созылмай қыз аяқ асты өліп қалады, артынша Барақ хан да дүние салады.

Канцлер А.П.Бестужев-Рюминнің Бопайға арнайы хат жазып, патшайым атынан сыйлық жолдауы — ханым саясатының жеңісі еді. Бопайдың зеректігі мен тапқырлығы жөнінде ағылшын суретшісі Джон Кэстлдің, Әбілқайыр ордасында болған орыс шенеуніктерінің жазбаларында біршама деректер келтіріледі» деген жазбасы бар.

Бопайтанудағы тағы бір жаңалық — XVIII ғасырдағы қазақ сарбаздарының бас қолбасшысы, саясаткер, мәмілегер Әбілқайыр хан және ел басқару ісінде Әбілқайыр ханның сенімді әрі ақылды серігі болып, ішкі және сыртқы мәселелерді шешуге атсалысып, дипломатиялық қатынастарды реттеп отырған тарихи тұлға Бопай ханымның дүниеге келуінің 325 жылдығына арнап, оларға қатысты деректерді жинақтап, толықтырып Атырау облысы Жылыой ауданындағы Пир Бекет ата өмірге келген Ақмешіттің имамы, ұстаз, Ата туралы бірнеше кітап шығарған Ислам қажы Мырзабекұлы көлемді жинақ құрастырды. Бопай аяны ұлықтаған алғашқы еңбекке ғалымдардың зерттеу еңбектері, жолжазбалары, күнделіктері, арнау өлеңдері, ұрпақтар шежіресі, мәдени шаралар жайлы ақпараттар топтастырылған.

Жуырда Маңғыстау облыстық «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық офисінің ұйымдастыруымен «Әбілқайыр хан және Бопай ханым» кітабының екінші басылымының таныстырылымы болды. Шараға ел ақсақалдары, облыстық, аудандық-қалалық кітапхана қызметкерлері, тарихи кітаптарға құмар оқырмандар қатысты.

— Бопай ханым туралы деректерге ден қойсақ, Әбілқайыр ханның Бопай ханымнан туған бес ұлының үшеуі әке

жолымен хан болып, немерелерінің ата жолын жалғауына да ұлы анасының игі ықпалы зор болған. Оның азаматтық, қайраткерлік тұлғасы да, асыл ана ретінде тәрбиелік өнегесі де — ұрпаққа үлгі. Сондықтан оның өмірі мен мемлекеттік және қоғамдық қызметін насихаттай беріміз керек. Өңірлік сараптау кеңесінің 2018 жылғы 24 шілде күнгі №13 отырысында «Әбілқайыр хан және Бопай ханым» атты кітап шығару, Бопай ханымның мемлекеттік және қоғамдық істері туралы ғылыми конференция ұйымдастыру жобасы талқыланған болатын. Екі бастама да сәтті іске асты. Оқырмандардың сұрауы бойынша аталмыш жинақ таралымын арттырып, екінші рет басып шығаруға қажеттілік туды. Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажеттігі» айтылған. Сондай-ақ «Еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет», — делінген. Театр сахнасында Бопай ханымның көркем бейнесі сомдалды. XVIII ғасырдың көрнекті суретшісі Джон Кэстль салған сурет негізінде портреті жасалды, деді «Рухани жаңғыру» өңірлік офисінің басшысы Г. Азан. Ә.Кекілбайұлы, И.Ерофеева, С.Өтенизов, Ж.Мұқанов, т.б. авторлардың зерттеулерін, жазбаларын жинақтап бастырып Ислам қажы Мырзабекұлы қонақтарға кітап туралы пікір білдіріп, Әбілқайыр хан, Бопай ханым туралы ойларын айтты. Қ.Сыдықұлы атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы бұл шараға аудан-қалалардағы кітапхана қызметкерлерін арнайы шақырып, белсенді қатысты.

Бүгінге дейін даулы тақырыпқа айналып келген Әбілқайыр хан өмірі мен ұстанымы енді Бопай ханымның өмірі мен қайраткерлігін зерттеу барысында толық ашылып, таныла түседі деп ойлаймыз. Көзінің тірісінде қайраткерлік жағынан бірін-бірі толықтырған ерлі-зайыпты қос тұлғаның рухтары енді тарихи дерек ретінде бір-бірін қолдай өткен күннің терең тұңғығына бірге тартып, тылсым сырларға бірге қанықтыра түсетіні анық.

Ақжал толқындары аласұрған Каспийдің жағалауындағы жас қала Ақтауда елге ұстын, ұрпаққа ұлағат берер ұлы естелікке айналып Бопай ханымның еңселі ескерткіші тұрса деген ой — бүгінгі бірқатар ұрпақтың арманына айналуда.

**Маңғыстау облысы**